

Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 тамызда № 36734 болып тіркелді

3ҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.02.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 88) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 28 тамыздағы № 372
бұйрығымен бекітілген

Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидалары" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 88) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беруді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

2 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртіби

3. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат алу үшін (бұдан әрі – рұқсат) дара кәсіпкер немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беруге өтініш береді, "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасы "ақпараттық жүйесіндегі" электрондық үкіметтің веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

Процестің сипаттамаларын, көрсетілетін қызметтің нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, ғимараттың немесе үй-жайдың бар-жоғы, көрсетілетін қызмет алушы жұмыскерлерінің білімі және еңбек қызметі (көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

"Жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті алушыға қарау мәртебесі туралы ақпарат мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтініш, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген ақпарат жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш берілгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің кенсе жұмыскері өтінішті Порталда тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама алады, Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтініштің орындаушысын айқындайды. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы қолданылу мерзімі өткен құжаттар топтамасын және (немесе) құжаттарды толық ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілген мерзімдерде көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы рұқсат алу үшін құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке кәсіпкерлер мен занды тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкестік мәніне құжаттарды заңнамада белгіленген тәртіппен қарайды.

Рұқсат беру туралы оң қорытынды болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес рұқсаттың электрондық нысанын қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсатын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бір жұмыс күні ішінде электрондық нәтижеге қол қояды және оны Портал арқылы беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес

ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, электрондық байланыс болмаған немесе хабарламаларды жіберуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі техникалық іркілістер пайда болған кезден бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін дереу шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

5. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтініш берушілерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсатты бір мезгілде бере отырып, рұқсат берудегі өз шешімі туралы не Негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес рұқсат беруден дәлелді бас тарту туралы хабардар етеді.

6. Рұқсат алу үшін құжаттар, сондай-ақ оның нәтижелері іске қалыптастырылады.

7. Рұқсаттың қолданылуы мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының рұқсаттың қолданылуын тоқтату туралы сұрай отырып (еркін нысанда) өтініш беруі;

2) көрсетілетін қызметті алушыны тарату;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы занды қүшіне енген шешімі (үкімі) болады.

8. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган 3 (ұш) жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

3-тaraу. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртіби

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің шағымды қарау мерзімі шағым бойынша қосымша зерделеу, тексеру не қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Орт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігі Өртке қарсы
қызмет комитетінің төрағасына

**Орт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және
техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға рұқсат беруге өтініш**

Сізден қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарауды және

(көрсетілетін қызметті алушының атауы)

өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі
қызметті жүзеге асыруға рұқсат беруінізді сұраймын.

Көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері: _____

жеке кәсіпкерді немесе занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы
куәліктің № жөне күні _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

Басшы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

(күні)

Өрт автоматикасы жүйелерін
монтаждау, баптау және оларға
техникалық қызмет көрсету
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

"Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі
қызметті жүзеге асуруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың
тізбесі

1	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке карсы қызмет комитеті.
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері(каналдары)	Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасының" ақпараттық жүйесінде "электрондық үкіметтің " веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асурылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	10 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).

5	Мемлекеттік қызмет көрстеген нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру;</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және мемлекеттік қызметті көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мереке және демалыс күндерін коспағанда, дүйсенбіден жұмалағанда деңгээлде 09.00-ден сағат 18.30-ға дейін, сағат 13.00-ден сағат 14.30-ға түскі үзіліспен.</p> <p>2) Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді коспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінде интернет-ресурстарында: www.emer.gov.kz;</p> <p>2) "Электрондық Ұкімет" веб-порталында: www.egov.kz, www.elicense.kz орналыстырған.</p> <p>1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті</p>

Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық сұрау салу;

2) мамандардың мыналарды растайтын құжаттарының көшірмелері:

- электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы III төмөн емес;
- "өрт қауіпсіздігі", "есептеу техникасы және акпараттық желілер", "бағдарламалық камтамасыз ету", "автоматтандыру және басқару", "электр энергетикасы", "радиотехника, электроника және телекоммуникациялар", "акпараттық жүйелер", "акпараттық қауіпсіздік жүйелері", "инжинириング және автоматтандырылған басқару жүйелері", "технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару", "өндірістің автоматтандырылған жүйелеріне қызмет көрсетеү және жөндеу", "мехатроника", "робототехника және кірістірілетін жүйелер", "сандық техника", "электрмен қамтамасыз ету", "электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсетеү, жөндеу және пайдалану" мамандықтары бойынша жоғары техникалық білімі және электр жабдықтарын монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсетеү саласында 3 жылдан кем емес жұмыс етілі;
- "өрт қауіпсіздігі", "есептеу техникасы және акпараттық желілер", "бағдарламалық камтамасыз ету", "автоматтандыру және басқару", "электр энергетикасы", "акпараттық жүйелер", "акпараттық қауіпсіздік жүйелері", "инжинириング және автоматтандырылған басқару жүйелері", "технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару", "өндірістің автоматтандырылған жүйелеріне қызмет көрсетеү және жөндеу", "мехатроника", "робототехника және кірістірілетін жүйелер", "

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздері

сандық техника", "радиотехника, электроника және телекоммуникациялар", "электрмен қамтамасыз ету", "электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білімі және электр жабдықтарын монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету саласында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) мамандарды жұмысқа қабылдау туралы еңбек шарттарының көшірмелері;

4) меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негізде жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға тиесілі ғимараттың немесе үй-жайдың болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

5) "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қажетті өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қажетті өлшем қуралдарының бар екендігін растайтын құжаттардың көшірмелері.

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен объектілердің осы Негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көрсетілген рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың белгілі бір мемлекеттік қызметті аруды талап ететін қызметке немесе жекелеген

		кызмет түрлеріне тыбым салу туралы занды күшіне енген шешімінің (үкімі) болуы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда Портал арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "јеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің кенсесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті беруші кенсесінің байланыс телефондары 8 (7172) 60-21-33, бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.</p>

Өрт автоматикасы жүйелерін
 монтаждау, баптау және оларға
 техникалық қызмет көрсету
 жөніндегі қызметті жүзеге
 асыруға рұқсат беру
 қагидаларына
 3-қосымша
 Нысан

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің
 Өртке қарсы қызмет комитеті Қазақстан Республикасының
 Мемлекеттік гербі**

РҰҚСАТ

№ _____
 (рұқсат нөмірі)

ОСЫ РҰҚСАТ

(көрсетілетін қызметті алушының атауы)

БЕРИЛДІ

(занды мекенжайы)

және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 66-3-бабына сәйкес осы

ұйымға өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету

жөніндегі жұмыстарды орындауға құқық берілгенін куәландырады.

Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі

қызметті жүзеге асыруға берілген рұқсаттар тізілімінде рұқсатты тіркеу күні

Тәраға

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК